

КЕЛІСІЛДІ
Сәтбаев қаласының
білім бөлімінің басшысы
_____ **Б.Б.Акишбеков**
« » _____ **2024 ж**

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
А.Д.Алпысова

« » _____ **2024 ж**

Нысаналы мектептің жеке портреті

«№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ

1. ММ жалпы сипаттамасы

Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «№27 жалпы білім беретін мектебі»КММ Ұлытау облысының білім басқармасы – Сәтбаев қаласында, Наурыз көшесі, 7 типтік үш қабатты ғимаратта орналасқан мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектеп. Мектептің жобалық сыйымдылығы 825 орынды, мектеп тұрғындарының саны 845 оқушыны құрайды. Мектепте оқыту тілі қазақша.

Мектеп ғимаратында мүмкіндігі шектеулі жандардың бейімделуіне жағдай жасалды, бірінші қабатта тактильді таспалар орнатылды, әжетхана жабдықталды, пандус орнатылды.

Мектепте 1 спорт залы, 200 орындық акт залы, 250 орындық асхана; Интернетке қосылған 6 компьютері бар Coworking кітапханасы бар. Кітапхананың жалпы ауданы 56,5 ш.м., сақтау алаңы 15 және 68,1 ш.м. Кітапханада 14 орындық шағын оқу залы бар. Оқытудың толық циклі бойынша оқушыларға контингентіне қатысты оқу әдебиеті қорының болуы 100% құрайды.

Мектепте үш қабатты. Оқу ғимараты 1981 жылы пайдалануға берілген. Ғимарат бетоннан жасалған, жалпы ауданы 7465 м2, баспалдақтар, дәліздер, дәретханалар бар. Мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, сонымен қатар спорт алаңдары: футбол, волейбол және құмдыжол төселген жүгіру жолы, тренажер жабдықтары бар.

Қазіргі таңда мектептің техникалық жағдайы қанағаттанарлық, барлық кабинеттер өз мақсатына сай пайдаланылуда.

Мектепте құрал-жабдықтар мен оқу құралдарының жеткілікті тізімі бар, жас ерекшеліктеріне сәйкес жиһаздармен қамтамасыз етілген, жақсы жабдықталған оқу кабинеттері бар.

2. ММ-тегі білім беру жетістіктерін талдау

2.1. ММ-тің ББЖМ нәтижелері

2022 жылы ББЖМ-ге қатысты. Жалпы 4, 9 сыныптардан 96 оқушы қатысты. Талдау көрсеткендей, осы мектептегі төртінші сынып оқушыларының орташа ұпайы 30 мүмкін ұпайдың 18,76-ын немесе 51%-ды құрады; тоғызыншы сынып оқушыларының орташа ұпайы 75 мүмкін ұпайдың 29,04-ын немесе тек 31%-ды құрады (1-кесте).

кесте. ББЖМ-нің НМ нәтижелері

Жыл	Білім беру ұйымының атауы	Орташа балл 4 сынып	Орташа балл 9 сынып
2022	«№27 жалпы білім беретін мектебі»КММ	18,76	29,04

Тестілеу бағыттары: оқу сауаттылығы бойынша салыстырмалы түрде неғұрлым табысты, математикалық сауаттылық бойынша 9 сынып оқушылары базалық деңгейіндегі тапсырмалардың 40% астамын, орташа және жоғары деңгейдегі барлық тапсырмалардың жартысын орындай алмады. **Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы** базалық деңгей тапсырмаларының 1/3, орташа деңгей – 40% және жоғары деңгей тапсырмаларынан 46% білім алушылар орындай алмағандығы көрсетілді. (2-кесте).

2-кесте. ББЖМ/ сауаттылық бағыттарындағы НМ1 нәтижелері

Жыл	Білім беру ұйымының атауы	Орташа балл 4 сынып			Орташа балл 9 сынып		
		Оқу сауаттылығы	Математикалық сауаттылық	Жаратылыстану сауаттылығы	Оқу сауаттылығы	Математикалық сауаттылық	Жаратылыстану сауаттылығы
2022	«№27 жалпы білім беретін мектебі»КММ	3,4	4,2	3,6	9,3	3,5	9,8

Математикалық сауаттылық бойынша

төртінші сынып оқушыларының оқу бағдарламасының күрделі тақырыптары/бөлімдері: «Көптаңбалы сандар нумерациясы және олармен амалдар орындау», «Сандарды көбейту және бөлу», «Бөлшектер. Пайыздар», «Шамалар және өлшем бірліктері», «Математикалық модельдеу».

Тоғызыншы сынып оқушылары үшін: «Теңдеулер мен теңсіздіктер, олардың жүйелері мен жиынтықтары», «Тізбектер және қосындылау», «Математикалық анализ бастамалар» және «Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы» оқу бағдарламаларының бөлімдеріне жатады.

Жаратылыстану сауаттылығы бойынша

төртінші сынып оқушылары үшін келесі тақырыптар ең қиын болған: «Жануарлар», «Заттардың түрлері. Ауа. Су», «Күш қозғалыс. Жарық. Дыбыс. Жылу. Электр энергиясы».

Тоғызыншы сынып оқушыларына келесі тақырыптар қиындық туғызған:

«Геометриялық оптика. Геометриялық оптика заңдары», «Физикалық шамалар мен өлшеулер. Физикалық шамалар», «Механика. Динамика негіздері», «Механика. Тербелістер мен толқындар», «Атомның құрамы мен құрылысы», «Химиялық реакциялардың жіктелуі», «Массаның сақталу заңы», «Қышқылдар мен негіздер теориясы», «Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйелер», «Координация және реттелу» және «Микробиология және биотехнологий».

Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар нақты түрде берілген және оңай дербестелетін ақпаратты мәтіннен табу талап етілетін тапсырмаларды дұрыс орындады. Сонымен қатар, олар мәтін мен оның элементтерін терең түсінуді, бағалауды, талдауды және түсіндіруді, тұжырымдау және сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтіннен ақпарат алуды талап ететін күрделі тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болды.

2.2. PBTS-тегі «№27 жалпы білім беретін мектебі» нәтижелері

«№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ 2022 жылғы халықаралық зерттеу нәтижелері

"Мектепке арналған PISA" зерттеу барысында мектептегі 15 жастағы оқушылардың жалпы – 34 оқушы (9 сынып – 4 оқушы, 10 сынып – 30 оқушы). Оқу, математика және жаратылыстану сауаттылығы бойынша дағдылары бағаланды.

«Мектепке арналған PISA» нәтижелері осы үш бағыт бойынша Қазақстан Республикасының оқушыларының білім деңгейлерін дүние жүзіндегі басқа оқушылардың деңгейлерімен салыстыруға мүмкіндік береді. Жаһандық экономикада оқушыларыңыздың табысқа жету үшін қаншалықты дайын екендігін нәтижелер көрсетті.

Оқу сауаттылығы	Математикалық сауаттылық	Жаратылыстану сауаттылығы
Мектеп 410 Қазақстан 387 ЭЫДҰ 487	Мектеп 462 Қазақстан 423 ЭЫДҰ 489	Мектеп 400 Қазақстан 397 ЭЫДҰ 489

Оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша нәтижелері

PISA зерттеуінде оқу сауаттылығын бағалайтын тапсырмаларды әзірлеуде бес элемент басшылық етеді: ақпаратты алу, кең түсінікті қалыптастыру, ақпаратты түсіндіру, мәтіннің мазмұнын түсіну және бағалау, мәтін формасын түсіну және бағалау.

	 Сіздің мектебіңіздің балы		 Қазақстан Республикасының балы		 ЭЫДҰ балы
Ақпарат іздеу	412	сәйкес	389	және айтарлықтай төменірек	487
Түсіну	412	сәйкес	394	және айтарлықтай төменірек	487
Бағалау және талдау	379	сәйкес	389	және айтарлықтай төменірек	489

Оқу сауаттылығы бойынша орташа балл көрсеткіші 3 бағыт бойынша Қазақстан Республикасының салыстырмалы көрсеткішіне **сәйкес** келсе, әлемдік көрсеткіштермен салыстырғанда **айтарлықтай төменірек** болды.

Оқушылардың математикалық сауаттылығы бойынша нәтижелері

PISA-ның тұжырымдамасына сәйкес математикалық сауаттылық дамыған математикалық ойлауды білдіреді. Осы математикалық ойлауды үш құзыретті пайдалана отырып сипаттауға болады: есепті математикалық түрде тұжырымдау, есепті шешу үшін математикалық білімді қолдану және нәтижелердің мағынасын аша білу.

	 Сіздің мектебіңіздің балы		 Қазақстан Республикасының балы		 ЭЫДҰ балы
Тұжырымдау	447	сәйкес	442	және айтарлықтай төменірек	492
Қолдану	444	сәйкес	433	және айтарлықтай төменірек	493
Мағынасын ашу	472	айтарлықтай жоғарырақ	420	және сәйкес	497

Математикалық сауаттылық бойынша орташа балл көрсеткіші 2 бағыт (тұжырымдау, қолдану) бойынша Қазақстан Республикасының салыстырмалы көрсеткішіне **сәйкес** келсе, 1бағыт бойынша (мағынасын ашу) **айтарлықтай жоғарырақ** болды, әлемдік көрсеткіштермен салыстырғанда тұжырымдау, қолдану бағыттары бойынша **айтарлықтай төменірек**, мағынасын ашу бағыты бойынша **сәйкес** болды.

Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығы бойынша нәтижелері

Жаратылыстану ғылымын меңгеруде білімнің үш элементі қажет етіледі: ғылыми құзырет, стандартты әдістемелік процедураларды білу және жаратылыстану ғылымының мазмұнын білу.

	 Сіздің мектебіңіздің балы	 Қазақстан Республикасының балы	 ЭЫДҰ балы
Түсіндіру	386	және айтарлықтай төменірек	493
Бағалау және жоспарлау	398	және айтарлықтай төменірек	493
Ғылыми түрде түсіндіру	398	және айтарлықтай төменірек	493

Жаратылыстану сауаттылығы бойынша орташа балл көрсеткіші 3 бағыт (түсіндіру, бағалау және жоспарлау, ғылыми түрде түсіндіру) бойынша Қазақстан Республикасының салыстырмалы көрсеткішімен **салыстыруға** келмейді, әлемдік көрсеткіштермен салыстырғанда 3 бағыт (түсіндіру, бағалау және жоспарлау, ғылыми түрде түсіндіру) бойынша айтарлықтай төменірек болды.

Қорытындысында біздің мектеп бойынша оқу сауаттылығы бағытында республика бойынша көрсеткіш сәйкес келсе, халықаралық деңгейде төменірек болды. Математикалық сауаттылығы бағытында республика бойынша айтарлықтай жоғарырақ халықаралық деңгейде сәйкес келді. Жаратылыстану сауаттылығы бағытында республика бойынша салыстырмалы көрсеткішімен салыстыруға келмеді, әлемдік көрсеткіштермен салыстырғанда 3 бағыт (түсіндіру, бағалау және жоспарлау, ғылыми түрде түсіндіру) бойынша айтарлықтай төменірек болды.

2.3.ҰБТ-дағы ММ нәтижелері

ҰБТ-2024 бойынша орташа ұпайы 55,8 ұпайды көрсетті, бұл 2022-2023 оқу жылындағы көрсеткішпен санағанда 4,3 ұпай төмен көрсетті. Алайда, 2022-2023 оқу жылы бала саны 8 оқушыға аз болып, шығармашылық емтиханды 2 оқушы таңдаса, 2023-2024 оқу жылында шығармашылық емтиханды 5 оқушы таңдап, ҰБТ -2024 қорытындысы орташа ұпайға әсер етті. Тесттен өткен пәндер арасында бейінді пәндер бойынша тапсырмалар жақсы орындалды, негізгі міндетті пәндер арасында математикалық сауаттылық пәнінен орташа ұпайы 4,6 ұпай болып, үлкен қиындық туғызды. Математикалық сауаттылық бойынша оқу бағдарламасының күрделі тақырыптары мыналар: «Ықтималдықтар теориясы», «Комбинаторика» бөлімдері, «Теру, алмастыру, орналастыру формулалары» геометриялық фигуралардың ауданын, шеңбердің ұзындығын табуға есептердің шешімін табуда қиындық кездесті.

Мерзімі	Орташа балл	Грант иегерлері
2021-2022 оқу жылы	53,9	8
2022-2023 оқу жылы	60,1	7
2023-2024 оқу жылы	55,8	12

2.4.Мемлекеттік аттестаттау кезіндегі білім бөлігіндегі ММ-тің нәтижелері

«№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ 2024 жылдың 1 шілдедегі №75 бұйрық негізінде мемлекеттік аттестаттаудан өтті.

№п /п	Сыныбы	Тізімбойынша журналдағы оқушылар саны	Нақты қатысқан оқушылар саны	Бағалар аны "5"	Бағалар аны "4"	Бағалар аны "3"	Бағалар аны "2"	Орташа балл	Оң бағалар %
1	4А	24	23	0	1	13	9	13,4	61%
2	4Ә	23	23	0	1	8	14	10,2	39%
3	4Б	23	22	0	2	10	10	12,6	54%
4	4В	23	22	0	1	11	10	12,8	54%
5	9А	28	27	0	0	6	21	19,6	22,2%
6	9Ә	28	27	0	0	5	22	18,9	18,5%
7	9Б	28	28	0	0	4	24	16,7	14,2%
8	11А	26	26	0	1	18	7	36,3	73%
Жалпы	8 сын	203	198	0	6	75	117	13,1	40,9%

Мектеп бойынша көрсеткіш – 41%, сыныптар бойынша талдауда 4-сыныптар 51,3%, 11-сыныптар 73% сапа көрсетсе, 9-сыныптар 41%.

2.5. ММ-тің жалпы үлгерімі

Білім беру ұйымының қызметінің сапасы педагог біліктілігімен деңгейімен бағаланады. Білім беру мекемесі беретін білім сапасының даусыз шарты ғылыми-педагогикалық әлеуеттің жоғары деңгейі және педагогикалық ұжымның біліктілік сипаттамалары болып табылады. Білім беру ортасы – мұғалімнің тұлғасы негізгі құрамдас бөліктердің бірі болып табылатын жүйе.

сынып / %сапа	2-4	5-9	10-11	Мектеп бойынша
2021-2022	47%	39%	44%	42%
2022-2023	43%	38%	40%	39,6%
2023-2024	52%	47%	48%	49%

Пән бойынша білім сапасы 2-4 сыныптар бойынша

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
пән%білім сапасы			
Қазақ тілі	51,87%	52,21%	57%
Әдебиеттік оқу	53,73%	55,42%	62%
математика	53,53%	50,4%	57%
Орыс тілі	57,84%	54,88%	54%
Шетел тілі (ағылшын тілі)	53,18%	48,59%	61%
Жаратылыстану	56,18%	50%	65%
дүниетану	58,43%	-	61%

Пән бойынша білім сапасы 5-9 сыныптар бойынша

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Пән % білім сапасы			
Қазақ тілі	55%	55%	54%
Қазақ әдебиеті	55,%	54%	54%
Орыс тілі мен әдебиеті	54,%	54%	54%
Шетел тілі (ағылшын тілі)	52,%	57%	55%
математика	57,%	56%	56%
алгебра	54,%	55%	53%
геометрия	54,%	58%	56%
информатика	73,%	76%	67%
жаратылыстану	56,%	53%	57%
физика	56,%	58%	59%
химия	67,%	51%	51%
биология	59,%	62%	63%
география	58,%	61%	54%
Қазақстан тарихы	56,%	53%	57%
Дүние тарихы	56,%	52%	62%

Пән бойынша 10-11 сынып бойынша

Оқу жылы	2021-222	2022-2023	2023-2024
пән%білім сапасы			
Қазақ тілі	63,4%	55,5%	58%
Қазақ әдебиеті	73%	55,9%	55%
Орыс тілі мен әдебиеті	63,4%	61%	63%
Шетел тілі(ағылшын тілі)	51,9%	64,4%	72%
алгебра	48,0%	49,1%	56%
геометрия	51,9%	46,3%	56%
информатика	94%	75,6%	68%
физика	59,6%	46,3%	62%
химия	73%	48,7%	60%
биология	57,6%	51,2%	66%
география	80,7%	63,4%	73%
Қазақстан тарихы	59,6%	59,3%	66%
Дүние тарихы	59,6%	66,6%	64%

- үздік, екпінді, үштіктердің үлесі

2-4 сынып									
Оқу жылы	Оқушы саны	үздіктер	%	екпінділер	%	үштіктер	%	% үлгерім	% сапа
2021-2022	269	32	12%	92	34%	145	54%	100%	46%
2022-2023	254	25	10%	92	36%	137	54%	100	46%
2023-2024	240	27	11%	98	41%	114	47%	100	52%

5-9 сынып									
Оқу жылы	Оқушы саны	үздіктер	%	екпінділер	%	үштіктер	%	% үлгерім	% сапа
2021-2022	396	17	4%	129	32%	250	63%	100%	36%
2022-2023	421	24	6%	154	36%	243	58%	100%	42%
2023-2024	409	26	6%	167	41%	216	53%	100%	47%

10-11 сынып									
Оқу жылы	Оқушы саны	үздіктер	%	екпінділер	%	үштіктер	%	% үлгерім	% сапа
2021-2022	52	2	4%	22	42%	28	54%	100%	46%
2022-2023	57	5	9%	21	37%	31	54%	100%	45%
2023-2024	58	3	5%	25	43%	30	52%	100%	48%

Барлығы									
Оқу жылы	Оқушы саны	үздіктер	%	екпінділер	%	үштіктер	%	% үлгерім	% сапа
2021-2022	717	51	7%	243	34%	423	59%	100%	41%
2022-2023	732	54	7%	267	36%	411	56%	100%	44%
2023-2024	707	56	8%	290	41%	360	51%	100%	49%

- екінші жылға қалған оқушылар болған жоқ.

Қорытынды аттестаттау кезінде міндетті пәндер бойынша бағалау жылдық бағалаумен сәйкес келді, таңдау пәндерінде жоғары сапа көрсетуі, таңдаған оқушылар деңгейі мен оқушы санына сәйкес келді.

9 сынып

Пәні	Баға "5"	Баға "4"	Баға "3"	Сапа%	Жылдық сапа%	Үлгерімі%
қазақ тілі	11	29	33	55%	51,3%	100%
алгебра	5	35	33	55%	52,7%	100%
орыс тілі мен әдебиеті	13	27	33	54,7%	54%	100%
география	1	19	13	60%	51,35%	100%
шетел тілі (ағылшын тілі)	4	12	1	82%	59%	100%
физика	3	4	6	53,8%	60%	100%
биология	4	5	1	90%	63,2%	100%

9-сынып жалпы 74 оқушы, 1 оқушы, Мүсілім Нұрдаулет бұйрық негізінде денсаулығына байланысты қорытынды аттестаттаудан босатылды, 73 оқушы негізгі

орта білім беру курсы үшін қорытынды аттестаттаудан өтіп, 4 оқушы ерекше үлгідегі аттестат алса, қалған 69 оқушы негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

11 сынып

Қорытынды аттестаттау кезінде міндетті пәндер бойынша бағалау жылдық бағалаумен сәйкес келді, таңдау пәндерінде жоғары сапа көрсетуі, таңдаған оқушылар деңгейі мен оқушы санына сәйкес келді.

Пәні	Баға "5"	Баға "4"	Баға "3"	Сапа %	Жылдық сапа%	Үлгерім і %
Қазақ тілі	4	16	12	62,5%	59,3%	100%
Алгебра және анализ бастамалары	2	17	13	59,3%	59%	100%
Орыс тілі мен әдебиеті	5	16	11	65,6%	65,2%	100%
Қазақстан тарихы	3	15	14	56%	59%	100%
Қазақ әдебиеті	0	2	3	40%	56%	100%
Информатика	0	2	1	66%	62,5%	100%
Биология	3	3	0	100%	66%	100%
География	0	3	0	100%	78,12%	100%
Құқық негіздері	1	1	0	100%	81,25%	100%
Физика	1	5	1	85%	56,25%	100%
Ағылшын тілі	2	1	0	100%	81,25%	100%
Дүниежүзі тарихы	0	1	2	33%	59,37%	100%

Жалпы 11-сыныптың 32 оқушы, 321 оқушысы мемлекеттік бітіру емтихандары түрінде жалпы орта білім беру курсы үшін қорытынды аттестаттаудан өтті және жалпы орта білім туралы аттестаттар алды. Жалпы орта білім туралы үздік аттестатқа 2 үміткер Асхат Айдана мен Төлеген Аянат қорытынды аттестаттауды тапсыру кезінде өз білімдерін растады.

3. ММ-тің кадр ресурстары мен басқаруды талдау

3.1. Педагогтердің сандық және сапалық құрамы

Мектеп барлығы 55 мұғалім сабақ береді, оның 49-ы әйел. Педагогикалық құрам жоғары білімі бар мамандардың өкілдігінің жоғары деңгейімен ерекшеленеді – 79%. Сонымен қатар, магистр дәрежесі бар -2 (3,5%), арнайы орта білімі 12 адам (21%).

Қарастырылып отырған мектеп мұғалімдерінің сапалық құрамын талдау көрсеткендей, штаттық 55 педагог қызметкердің ішінде: педагогикалық өтілі:

- 3 жылға дейін - 2 (3,5%);
- 3 – тен 8 жылға дейін – 6 (10,5%);
- 9-дан 16-ға дейін-15 (26%);
- 17-ден 20-ға дейін –7 (12%);
- 20 жылдан астам – 25 (43%).

- Магистр – 2 педагог.

Барлық педагогтердің дипломдарындағы мамандығы атқарып отырған лауазымына сәйкес келеді. Педагогтердің біліктілік санаттарын талдау бойынша педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы біліктілік санатты педагогтердің үлесі- 49 % көрсетті.

2024-2025 оқу жылында біліктілік санаты «педагог-зерттеуші»-10, «педагог-сарапшы» - 17, «педагог-модератор» - 22. Мектепте «педагог-шебер» біліктілігі жоғары санаты бар мамандар жұмыс істемейді.

ММ – те жұмыс істейтін 36 педагог, сапалық үлесі – 64%.

Зейнеткер ұстаздар - 3 педагог (география, биология, бастауыш сынып)

Мұғалімдерге қажеттілік минималды және тек 2 адамды құрайды: технология (ұлдар), химия пән мұғалімі.

Біліктілік санат	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жоғары	3	1	0
I санат	11	6	0
II санат	5	1	2
Педагог-шебер	0	0	0
Педагог-зерттеуші	9	6	9
Педагог-сарапшы	10	15	17
Педагог-модератор	10	5	14
Педагог	0	6	4
Санатсыз	13	13	9

3.2.Басшылардың сандық және сапалық құрамы

Мектеп басшысы жоғары білімді (ғылыми дәрежесі магистр), әйел адам және 50-55 жас аралығында. Педагогикалық өтілі 30 жылдан асады. Педагог-зерттеуші санатына ие. Басшылық қызметке қойылатын біліктілікке келетін болсақ, директордың санаты жоқ.

3.3.Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының сандық және сапалық құрамы

№	Мектеп директор/директорының орынбасары	лауазымы	жалпы еңбек өтілі	осы қызметтегі еңбек өтілі	қазіргі санаты /өткен жылы/	санатты басшы орынбасары
1	Алпысова Асем Даулетбаевна	Директор	30,9	3	Педагог-зерттеуші, 2023ж	
2	Альжанова Құндыз Жолдыбаевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	20,1	7	педагог-сарапшы, 2018 ж	
3	Тажибаева Айжан	Директордың оқу-әдістеме	20,1	3	педагог-сарапшы,	

	Ахатовна	ісі жөніндегі орынбасары			2023 ж	
4	Қызданова Айнакуль Куантаевна	Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	31,3	10	педагог-зерттеуші, 2023 ж	3 санатты басшы орынбасары, 2020 ж
5	Абилдина Баян Зейнуллиновна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	34,9	20	педагог-зерттеуші, 2019 ж	3 санатты басшы орынбасары, 2020

Мектеп директорының орынбасарлары А.К.Кызданова, Б.З.Абилдина мерзімдері аяқталуына байланысты 3 санаты алынды. 2023-2024 оқу жылында ПББ мектеп директоры және орынбасарлары тіркеліп, белгілі бір себептермен қатыса алмады. 1 орынбасар, К.Ж.Альжанова ПББ-ға математика пәні бойынша тіркелгендіктен, жүйе басшы орынбасары санаты ПББ-ға тіркемеді.

3.4. ПББ нәтижелерін талдау

ММ-тің ПББ нәтижелерін талдау осы білім беру ұйымында шекті балл жинамаған мұғалімдер үшін 2023 жылы 40% -. құрағанын көрсетті. 2023 жылы көрсеткіштер жақсарды: ПББ қатысушыларының үштен бірі шекті балл жинамады (3, 4-кестелер).

Кесте 3. ПББ-2023 нәтижелері

Мектеп	Қатысушылар саны	шекті жинағандар саны	Шекті жинағандардың %	шекті жинамағандар саны	Шекті жинамағандардың %
НМ	15	13	86	2	13,3

Кесте 4. ПББ-2024 нәтижелері

Мектеп	Қатысушылар саны	шекті жинағандар саны	Шекті жинағандардың %	шекті жинамағандар саны	Шекті жинамағандардың %
НМ	17	14	82,3	3	17,6

3.5. Педагогтар мен басшылардың кәсіби дамуы

Соңғы үш жылдағы педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өткен санына қатысты деректерді талдау келесідей нәтижелерді көрсетті:

2022 жылы 19 педагог, бұл мектептегі жалпы педагогтардың 34,5%- ын құрайды, біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Бұл сертификаттары жарамдылық мерзімі аяқталған әр түрлі пәндік салаларда мұғалімдердің біліктілігін арттыруға деген қызығушылығы мен белсенділігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

2023 жылы біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтар саны 29

педагогқа артты, бұл педагогтардың жалпы санының 52,7%-ды құрады. Курстардан пән мұғалімдері біліктілік арттыру курстарының перспективалық жоспарына сәйкес жіберіліп отырды.

2024 жылы біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтар санының 4 педагогқа көтерілуі байқалады, бұл педагогтардың жалпы санының 7,2% - құрайды. Курстардан бастауыш мектеп, ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері өтті.

Талдау көрсеткендей, қазақ тілі (Т2), математика, тарих және география, химия, биология жыл сайын педагогтардың біліктілігін арттыру жүргізілетін тұрақты пәндер болып қала береді. Бұл осы негізгі пәндерді оқытуды жақсартудың тұрақты қажеттілігін көрсетеді.

Директордың және оның орынбасарларының біліктілігін арттыру туралы талдау олардың әртүрлі тақырыптар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, өздерінің кәсіби шыңдалып отырады. Мектеп директоры Алпысова А.Д. – «Жан басына қаржыландыруға өту жағдайындағы инновациялық менеджмент» курсынан өтті.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – 1, 2023 жылы "Жаһандану жағдайында орта білім беру жүйесінде этномәдениетті құзыреттілікті дамыту" тақырыбы бойынша, директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары -1, 2023 жылы «Тұрақты даму жағдайындағы білім беру сапасын басқару», директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары -2, 2023 жылы «Білім берудегі менеджмент» курстарынан өтті.

Бұл мектеп басшылығының үздіксіз біліктілікті арттыруға деген ұмтылысын көрсетеді, осылайша директор мен оның орынбасарларына заманауи талаптарға бейімделуге және өз мектебіне озық тәжірибелерді енгізуге мүмкіндік береді. Бұл мектеп басшылығының үнемі біліктілікті арттыруға ұмтылысын көрсетеді, осылайша директор мен оның орынбасарлары қазіргі заманғы талаптарға бейімделіп, мектепте заманауи практикадарды енгізуге мүмкіндік алады.

4.ММ-тің оқу ортасын және МТБ талдау

4.1. Материалдық-техникалық жарақтандыру

Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді. Салынған жылы-1981. Мектептің МТБ талдауы үш өлшемді, апаттық және оқушы орындарының тапшылығына байланысты күрделі проблемалар жоқ екенін көрсетті. Интернеттің жылдамдығы өте жоғары – 100 Мбит/с., келісім шарт бойынша 40 Мбит/с. Мектепте жалпы 179 компьютер қарастырылған, яғни 1 компьютерге 5 оқушыдан келеді. Мектеп сонымен қатар ішкі және сыртқы камералармен жабдықталған. Бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыруға қойылатын стандарттар мен талаптарға сәйкес, ұйымдардың жағдайын бақылау және бағалау үшін ғимараттар мен іргелес аумақтар бейнебақылау жүйелерімен жабдықталған. ҰБДҚ деректеріне сәйкес, ҚР бойынша күндізгі мемлекеттік мектептердің ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйелерімен жабдыкталу көрсеткіші жалпы 97% құрайды. Мектепте 24 бейнекамера бар,оның ішінде 14 ішкі, 10 сыртқы. Мектепке кіре берісте қосымша 1 монитор орнатылған, ЦОУ-ға қосылған. Дабыл түймесі, дыбыстық ескерту.Турникет орнатылған. «Баршағы қолжетімді сапалы білім» ҰБ жол картасы бойынша

биология, физика кабинеттері алынады.

4.2. Психологиялық климат

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрықпен бекітілген, «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы» қағидаларын басшылыққа ала отырып мектепте психологиялық климатты талдау, буллинг, мектептегі қауіпсіздік сезімі бойынша орташа көрсеткіштер көрсетті. HR+ деректері бойынша мектебіміздің 34 оқушының буллинге ұшырау – 0 мәнін көрсетті. Оқушылар мектепке бару және сыныпта қауіпсіздікті сезіну мәселесіне қатысты келіспейді – 5,8% мәнін көрсетті.

Психологиялық климат мектепте әлеуметтік теңсіздік жоғары болған жаңдайда жиі әлсіз болатынын ескере отырып, оқушылардың арнайы білім беру қажеттіліктері, соның ішінде аз қамтылған, көп балалы отбасылар және басқа категориялар туралы сандық деректер талданды. Мектепте 812 оқушы, соның 2 оқушысы ЕБҚ, ал 6 оқушының 2 толық отбасынан, 5 оқушы аз қамтылған отбасыдан, 1 оқушы өгей әкемен тұратын отбасына жатады.

5. ММ-тің қажеттіліктерінің қорытынды бағалау

Талдау көрсеткендей, «№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ оқу жетістіктеріне, мектептерді материалдық-техникалық жабдықтауға, кадрлар мен басқару құрамына байланысты проблемалар анықталды, мысалы:

ММ қажеттіліктерін қорытынды бағасы (негізгі проблемалар және шешу жолдары)

Талдау Нысаналы мектептерде проблемалар анықталғаны көрсетті:	Шешу жолдары:
1. Менеджмент бөлігінде мектеп басшыларының құзыреттілігінің жеткіліксіз жоғары деңгейі (орынбасарлардың басшылық санатының болмауы);	Мектеп басшысы және басшы орынбасарларының құзыреттілігін біліктілігін арттыру арқылы көтеру. (мектеп басшысы және 2 басшы орынбасары)
2. 4,9 сынып оқушыларының оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы пәндері бойынша білім сапасының төмен болуы;	- Мектеп педагогтеріне тоқсандық семинарлар сессиясын жүргізу. - Цифрлы ұстаз – 8 сынып - 3 оқушы (Физика, Қазақстан тарихы), Quzyq Sabaq, Педагог-волонтер, Репетитор-оқушы жобалары аясында мектептің үлгерімі төмен оқушыларына қолдау көрсету. - Үлгерімі төмен сыныптарда «Сабақты зерттеу» (Lesson Study) жобасын жүргізу. (I тоқсан қорытындысы негізінде)
3. Ішкі және сыртқы бағалау	Сабақ сапасын арттыру және ішкі

нәтижелерінде сәйкессіздіктердің болуы	бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету, мұғалімдерге сабақты жоспарлау және бағалау мен рефлексия бойынша практикалық сабақтар іс-шаралар өткізу; • педагог-зерттеушілердің мұғалімдермен ішкі оқытуды қамтамасыз ету. • Action Research арқылы өз тәжірибесінде зерттеуді ұйымдастыру.
4. Пәндер бойынша кадр жетіспеушілігі (химия, технология (ұлдар) пәндері мұғалімдері, зейнеткер ұстаздар (география, биология, бастауыш сынып).	• Білім сапасына әсер ететін, қосқызметкер орнына жоғары білікті оқытушы - химия пәні мұғалімін тұрақты жұмысқа тарту (10-11 сыныпта таңдау пәні ретінде химия пәні) • Негізгі пәндер бойынша зейнеткер ұстаздар жас педагогтердің кәсіби өсуіне ықпал ету.
5. Мұғалімдердің өз тәжірибелерін тарату, шығармашылық-зерттеушілік әлеуетін көтеруге белсенділігінің төмендігі.	«Qyzyq Sabaq», «Педагогикалық шеберхана» жобасы аясында іс-тәжірибе тарату.
6. Жаңа модификациядағы кабинеттердің тапшылығы	«Баршаға қол жетімді сапалы білім» "Ұлттық баяндамасын іске асыру жөніндегі Жол картасы" негізінде 2024 жылы биология және физика кабинеттерін алу